ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
ПРИОЗЕРСК
ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА ПРИОЗЕРСК
КАРАГАНДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2026 жыл 07 шілде

№ 38/143

Приозерск қаласы

город Приозерск

Жер учаскесін сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) өткізу бойынша кейбір сұрақтар туралы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын басшылыққа ала отырып, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-саттыққа (аукционға) Приозерск қаласы, Абай көшесінде орналасқан, көлемі 0,0048 га болатын жер телімі «көлікжай құрылысын салу» мақсатында 5 (бес) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен шығарылсын.

2. Сауда-саттық өткізу нысаны – аукцион, сондай-ақ сауда-саттық өткізу әдісі – ағылшынша болып анықталсын.

3. «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Айдархановқа жүктелсін.

Қала әкімі **М.Ахметов**

Орынд. Е.Балтышев

000170